



Ақтөбе облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама  
басқармасы



Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер  
кітапханасы

---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ,  
АЛЫС ЖӘНЕ ЖАҚЫН ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ  
2022 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН  
ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН  
КҮНДЕРІ**

---

## Алғы сөз

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының, алыс және жақын шет елдердің 2022 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндері» атты күнтізбені ұсынып отыр.

Күнтізбе келесі бөлімдерден тұрады:

- Қазақстан Республикасы бойынша аталып өтілетін және еске алынатын күндері;
- Нақты айы мен күні анықталмаған атаулы күндер;
- Алыс және жақын шет елдері бойынша аталып өтілетін және еске алынатын күндері;
- 2022 жылғы мерейтойлық кітаптар.

Күнтізбеде Қазақстандық, Ресейлік және шет елдің белгілі әдебиет пен өнер қайраткерлері, сонымен бірге ҚР ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және халықаралық мерекелері қамтылған.

Жасөспірімдерге қызмет көрсететін кітапханашыларға және де басқа да қызығушылық білдіретін мамандарға 2022 жылы көпшілік шаралар ұйымдастыруда, библиографиялық анықтама орындау, оқырмандарға ақпарат беру және т.б. шараларда осы күнтізбе көмек көрсететініне сеніміміз мол.

**Қазақстан Республикасында  
2022 жылы аталып өтілетін және еске алынатын  
күндері**

**Қаңтар**

1 қаңтар - әнші, Қазақстанның халық артисі, «Халық қаһарманы» Роза Тәжібайқызы Бағланованың туғанына 100 жыл (1922)

9 қаңтар –Қазақ ақыны Жұмағали Саиннің туғанына 110 жыл (1912-1961)

12 қаңтар – мемлекеттік және саяси қайраткер, ғалым Дінмұхамед Қонаевтың туғанына 110 жыл (1912-1993)

16 қаңтар – «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің тұңғыш рет жарыққа шыққанына 100 жыл (1922)

17 қаңтар – жазушы, әдебиеттанушы Эрнест Ғаббасовтың туғанына 85 жыл (1937)

**Ақпан**

10 ақпан - көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері – Құбашев Сағидолланың туғанына 95 жыл (1927)

22 ақпан – кинорежиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Мәжит Сапарғалиұлы Бегалиннің туғанына 100 жыл (1922-1978)

## **Наурыз**

2 наурыз – Қазақстанның БҰҰ-ға қабылданғанына 30 жыл (1992)

8 наурыз - әнші, Қазақстанның халық артисі Жамал Омарованың туғанына 110 жыл (1912-1976)

**18 наурыз - сықақшы-жазушы, ҚР жазушылар одағының мүшесі Мәндібай Төрежан Бердімұратұлы туғанына 85 жыл (1937) (Шалқар ауданы)**

22 наурыз – қазақ әдебиетінің классигі, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ғабит Мүсіреповтың туғанына 120 жыл (1902-1985)

## **Сәуір**

1 сәуір - қазақстандық орыс жазушысы, Қазақстанның халық жазушысы Иван Павлович Щеголихиннің туғанына 95 жыл (1927)

**13 сәуір - суретші Құрманалин Алмас Мұхтарұлының туғанына 65 жыл (1957) (Әйтеке би ауданы)**

## **Мамыр**

2 мамыр - әнші, опера әншісі, Кеңес Одағының және Қазақстанның халық артисі Күләш Байсейітованың туғанына 110 жыл (1912-1957)

7 мамыр – Отан қорғау күні. Қазақстан Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл (1992)

8 мамыр – театр және кино актері, режиссер, Кеңес Одағының және Қазақстанның халық артисі Асанәлі Әшімов 85 жаста (1937)

## **Маусым**

3 маусым – Орта Азия мен Қазақстан жастар қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі Ғани Мұратбаевтың туғанына 120 жыл (1902-1925)

## **Шілде**

2 шілде – ақын, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Қырғыз Республикасының халық ақыны Мұхтар Шахановтың туғанына 80 жыл (1942)  
15 шілде – Кеңес Одағының батыры, қаһарман қазақ қызы Мәншүк Мәметованың туғанына 100 жыл (1922-1943)

19 шілде – Қазақстанның Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасының құрылғанына 85 жыл (1937)

**20 шілде – график, суретші, Суретшілер Одағының мүшесі Әнуар Жұмағалиұлы Өтеген –Тананың туғанына 80 жыл (1942) (Ойыл ауданы)**

### **Тамыз**

5 тамыз – Кеңес Одағының батыры атағын екі рет алған ұшқыш-штурмовик Талғат Бегильдиновтың туғанына 100 жыл (1922)

**15 тамыз – қоғам қайраткері Оспанов Құрманғалидің туғанына 115 жыл (1907-1968) (Хромтау ауданы)**

18 тамыз – биші, педагог, Қазақстанның халық артисі Шара Жиенқұлованың туғанына 110 жыл (1912-1991)

### **Қыркүйек**

16 қыркүйек – ақын, аудармашы Қайрат Жұмағалиевтің туғанына 85 жыл (1937)

17 қыркүйек – ақын, аудармашы Сырбай Мәуленовтың туғанына 100 жыл (1922-1993)

28 қыркүйек – жазушы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның туғанына 90 жыл (1932)

28 қыркүйек – Қазақтың ұлы жазушысы, ғұлама, ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың туғанына 125 жыл (1897-1961)

29 қыркүйек - Дүниежүзі қазақтарының I Құрылтайының өткізілгеніне 30 жыл (1992)

### **Қазан**

**10 қазан – қазақ ақыны, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мұхтар Құрманалыұлының туғанына 95 жыл (1927) (Айтеке би ауданы)**

### **Қараша**

7 қараша – қазақстандық жазушы, аудармашы Дмитрий Снегиннің (Поцелуев) туғанына 110 жыл (1912-2001)

29 қараша - жазушы, Қазақстанның Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ғабиден Мұстафиннің туғанына 120 жыл (1902-1985)

### **Желтоқсан**

**2 желтоқсан – композитор, халық артисі, профессор Ғазиза Ахметқызы Жұбанованың туғанына 95 жыл (1927-1993) (Темір ауданы)**

**8 желтоқсан – жазушы Қажығали  
Мұхаметқалиевтің туғанына 80 жыл (1942)  
(Байғанин ауданы)**

10 желтоқсан – Қазақстанның астанасы Ақмола қаласы  
(қазіргі - Астана) болып жарияланғанына 25 жыл  
(1997)

15 желтоқсан – жазушы, Ұлы Отан соғысының  
ардагері Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл  
(1922)

19 желтоқсан – жазушы, қоғам қайраткері Әди  
Шәріповтың туғанына 110 жыл (1912-1993)

20 желтоқсан – жазушы, драматург Дулат Исабековтің  
туғанына 80 жыл (1942)

31 желтоқсан – жазушы, сыншы Зейін Шашкиннің  
туғанына 110 жыл (1902-1966)

**Нақты айы мен күні анықталмаған атаулы  
күндер**

Ірі әскери қолбасшы Есет Көкіұлы батыр (1667-  
1749) туғанына 355 жыл

Көрнекті қоғам, мемлекет қайраткері Қаздауысты  
Қазыбек би (1667-1764) туғанына 355 жыл

Батыр әрі би Сәңкібай батыр (1687-1804) туғанына  
335 жыл



Белгілі қолбасшы Қабанбай батыр (1692-1770)  
туғанына 330 жыл

Қазақ ханы Бөкей хан (1737-1819) туғанына 285 жыл

Көтібар батыр – К.Байсенұлы (1757-1833) туғанына  
265 жыл

Сыпатай батырдың (1782-1867) туғанына 240 жыл

Әскери қолбасшы, әйгілі күрескер Кеңесары  
Қасымұлы (1802-1847) туғанына 220 жыл

Ақын Дулат Бабатайұлы (1802-1874) туғанына 220  
жыл

Ұлт-азаттық қозғалыстың қолбасшы, батыр Есет  
Көтібарұлы (1807-1888) туғанына 215 жыл

Бұқарбай батыр (1812-1893) туғанына 210 жыл

Би, қоғам қайраткері Нияз би Отаралыұлы (1822 –  
1881) туғанына 200 жыл

Жауынгер ақын Ақпан Әйтбекұлы (1837-1874)  
туғанына 185 жыл

Ақын Әсет Найманбайұлының (1867-1922) туғанына  
155 жыл

Әнші – композитор Ғаббас Айтбаевтың (1882-1929)  
туғанына 140 жыл

## 2022 жылғы мерейтойлық кітаптар

### Қазақстан ақын-жазушыларының кітап мерейтойлары

160 жыл – «Ер Тарғын» - эпос

150 жыл - «Мың бір түн» - аңыз

100 жыл – Сакен Сейфуллин «Асау тұлпар» - өлеңдер

100 жыл - Бейімбет Майлин «Күлпаш» - әңгіме

90 жыл - Тайыр Жароков «Жұлдыз жарғы» - өлеңдер

85 жыл - Ілияс Жансүгіров «Күлагер» - поэма

80 жыл - Мұхтар Әуезов «Абай жолы» («Абай» атты бірінші кітабы)- роман-эпопея

70 жыл - Ғабиден Мұстафин «Қарағанды» - роман

60 жыл - Өтебай Қанахин «Дәмелі» - роман

60 жыл - Зейін Шашкин «Доктор Дарханов»- роман

50 жыл - Ілияс Есенберлин «Алтын құс» - роман

50 жыл - Олжас Сулейменов «Атамекен» (қазақ тіліне аударған Қадыр Мырзалиев)

50 жыл - Кемел Тоқаев «Түнде атылған оқ» детективтік повесть

40 жыл - Морис Симашко «Колокол» (Қонырау») - тарихи роман

40 жыл - Қасым Аманжолов «Ақын өлімі туралы аңыз» - өлендер

40 жыл - Қалмұхан Исабаев «Жолдас комендант» - роман

### **Кәсіби мерекелер**

17 маусым – Медицина қызметкері күні – маусымның үшінші жексенбісі

24 маусым – Баспасөз күні – маусымның соңғы жексенбісі

22 шілде - Metallург күні – шілденің үшінші жексенбісі

5 тамыз - Көлік және байланыс қызметкерлері күні – тамыздың бірінші жексенбісі

12 тамыз - Құрылысшы күні – тамыздың екінші жексенбісі

19 тамыз - Спорт күні – тамыздың үшінші жексенбісі

26 тамыз - Шахтер күні – тамыздың соңғы жексенбісі

2 қыркүйек – Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні – қыркүйектің бірінші жексенбісі

6 қазан – Мұғалімдер күні – қазанның бірінші жексенбісі

18 қараша – Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні – қарашаның үшінші жексенбісі

16 желтоқсан – Энергетик күні – желтоқсанның үшінші жексенбісі

### **Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі**

16-17 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.

1 шілде – домбыра күні

### **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мерекелері**

1-2 қаңтар – Жаңа жыл.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні.

21-23 наурыз – Наурыз мерекесі.

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мен ынтымақтас күні.

9 мамыр – Жеңіс күні.

6 шілде – Астана күні.

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні.

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні.

## **Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер.**

Сәуір айының бірінші жексенбісі – Геологтар күні.

12 сәуір – Ғалымдар күні.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні.

21 мамыр - Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні.

31 мамыр – Саяси қуғын – сүргіндер құрбандарын еске алу күні.

4 маусым - Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күні (1992) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қабылданғанына 30 жыл (1992 )

5 маусым - Экологтар күні.

23 маусым – Полиция күні.

Маусым айының үшінші жексенбісі – Медицина қызметкері күні.

Маусымның соңғы жексенбісі – Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні.

Шілденің үшінші жексенбісі – Metallург күні.

2 шілде – Дипломаттар қызметкерлерінің күні.

Тамыздың бірінші жексенбісі – Көлік және байланыс қызметкерлері күні.

Тамыздың екінші жексенбісі – Құрылысшы күні.

Тамыздың үшінші жексенбісі – Спорт күні.

Тамыздың соңғы жексенбісі – Шахтер күні.

1 қыркүйек – Білім күні. День знаний.

Қыркүйектің бірінші жексенбісі – Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні.

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні.

5 Қыркүйек– Қазақстан Республикасы халықы тілдері күні.

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні.

28 қыркүйек – атом саласы қызметкерлерінің күні.

Қазанның бірінші жексенбісі - Мұғалімдер күні.

18 қазан –Рухани келісім күні.

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні.

Қарашаның үшінші жексенбісі – Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні.

Желтоқсанның үшінші жексенбісі – Энергетик күні.

### **Бүкіләлемдік және халықаралық мерекелер**

25 қаңтар – Татьяна күні. Ресей студенттерінің күні.

3 наурыз – Бүкіләлемдік жазушылар күні.

21 наурыз – Бүкіләлемдік жер күні.

21 наурыз – Бүкіләлемдік поэзия күні.

1 сәуір – Күлкі күні.

1 сәуір – Халықаралық құстар күні.

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні.

7 сәуір – Бүкіләлемдік денсаулық күні.

12 сәуір – Бүкіләлемдік авиация және ғарыш күні.

15 сәуір – Бүкіләлемдік мәдениет күні.

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күні.

23 сәуір – Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқық қорғау күні.

24 сәуір – Халықаралық жастар ынтымақтастығы күні.

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні.

18 мамыр – Халықаралық мұражай күні.

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні.

5 маусым – Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні.

23 маусым – Бүкіләлемдік Олимпиада күні.

26 маусым – Халықаралық есірткі және есірткі саудасымен күрес күні.

27 маусым – Жастар күні.

1 қазан – Халықаралық қарттар күні.

23 қазан – Халықаралық мектеп кітапханаларының күні.

10 қараша – Бүкіләлемдік жастар күні.

16 қараша – Халықаралық толеранттық күні.

17 қараша – Халықаралық студенттер күні.

### **Діни мерекелер**

7 қаңтар – демалыс күн – «Рождество» мейрамы.

Белгіленген кестеге сәйкес «Құрбан айт» - демалыс күн.

**Шығаруға жауапты:**

С.Жиенбаев атындағы  
облыстық жасөспірімдер  
кітапханасының директоры

Г.Н.Калдина

Инновациялық және әдістемелік  
жұмыстар бөлімінің меңгерушісі

А.А.Ермекбаева

**Құрастырған:**

Әдіскер

Г.Е.Өтегенова